

# Қазақстан-Ресей медицина университеті

Тақырыбы: Жыныстық әуестіктердің  
бұзылуы

Тексерген: Жолдыбаева Ж.С

Орындаған: Лесбекова Ж.Н

Тобы: 610

## Сексуальді бұрмалану деген не?

Сексуальді девиация (парапатия, парафилия, парэрозия, сексуальді парестезия) қалыпты жағдайдан ауытқыған сексуальді мінез-құлықтың негізгі түсініктеріне кіреді. Бұл ұғым әлеуметтік қалыптан ауытқыған сексуальді бұзылыстар мен медициналық қалыптан ауытқыған сексуальді бұзылыстар. Жыныстық бұзылыстар психикалық аурулардың (олигофрения, шизофрения, қарттың ақылдық кемістігі) немесе психопатиялық тұлғаларда айқын көрініс алады.



Бұлардың пайда болуына балалық шақта алған травма, дұрыс емес тәрбие, ерте жыныстық қатынасқа түсу, зорлануға байланысты үлкен роль атқарады. Сексуальді қозу мен қанағаттану қарапайым емес сексуальді әуестік тақырыбына фантазияға тәуелді және де қарапайым емес сексуальді объектпен шақырылады. Мысалы:жануар, кішкентай балалар, мәйіт.

# Жыныстық әуестіктердің бұзылулары

Объектіні таңдау

Сексуальды құмарлық



## *Объектіні таңдау*

Гомосексуализм

Фетишизм

Педофилия

Зоофилия

Геронтофилия

Некрофилия

Сексуальды құмарлық

Трансвестизм

Экспозиционизм

Вуайеризм

Садизм

Гомосексуализм — (homosexualismus; homo + sexus-жыныс, син. Гомоэротизм) Бұл өз жынысындағы адамдармен жыныстық қатынасқа түсу құмарлығы. гетеросексуалдардан айырмашылығы бұл адамдарда физиологиялық тұрғыдан табиғи қынап болмайды. жыныстық қатынас кезінде екі пардың біреуі активті (ер адам) роль, ал екіншісі пассивті(әйел адам) роль ойнайды. сырттай қарағанда мұндай адамдар басқа адамдарға қарағанда айырмашылығы жоқ. Олар көбіне эмоцияналды әлсіз көңіл күйінің тез ауысуы және тез ренжігіш болады оларда басқа адамдармен салыстырғанда неврастеникалық, ипохондриялық, истерикалық реакциялар тез дамиды. психикалық тұрғыдан да басқа адамдардан айырмашылық жоқ олардың тек қана бір ғана айырмашылығы жыныстық әуестіктің бағытының бұзылуы сол себепті халықаралық классификацияларда гомосексуализм аурулар тізімінен алынып тасталынған, бұны гомосексуалистердің психикалық статусын зерттеген ғалымдар да дәлдеп отыр, бірақ олар туралы қоғам біліп қойама деген қорқыныш мінез — құлқына әсер етіп невроз және депрессия шақыруы мүмкін.



Фетишизм — (франц. fetiche- идол, символизм, талисман) сексопатологияда кездесетін жыныстық құмарлық қандай да бір затқа, жиі әйел киімдері детальдарына бағытталумен көрінетін жыныстық бұрмалану. қарама қарсы жыныстағы адамның жеке бас заттарын (іш киімдерін, помада) ұрлап қанағат алу. Бұл фетиштер жыныстық қатынасты толық алмастырады, бірақ сол заттардың иесі оны қызықтырмайды. Традициялық фетишизм әйел дене мүшелерінің бөліктерін символиздейді. Кейбір фетишистер адам иістерінен ләззат алады.





Педофилия — (paedophilia; paedo- бала, philia- әуестік, махаббат) жиі егде тартқан ер адамдарда кездесетін, балаларға деген сексуалдық әуестікпен сипатталатын жыныстық бұрмалану. Балаларға деген жыныстық әуестік. Баланың жынысы маңызды емес, себебі жетілмеген бала организмі сексуалды стимул береді.



Ресей сексологы Здравомысловтың айтуы бойынша «педофилия» терминін екі аспектіде қарауға болады:

тар аспектіде ұл балаларға әуестік

кең аспектіде жалпы балаларға деген әуестік

16 жастан асқан ер балаларға әуестік (эфебофилия)

16 жасқа дейінгі қыздарға әуестік (корофилия)

жыныстық қатынасқа түспеген қыздарға әуестік(партенофилия)

Мамандардың айтуы бойынша педофилияның қалыптасуына психосексуалдықтың дамуының тежелуі жатыр. Өз жасындағы құрбыларымен жыныстық қарым қатынастың қиын болуы әкеліп соғады.

Кейбір сексологтар шынайы және алмастырушы педофилияны бөледі:

шынайы-жыныстық әуестік тек қана балаларға.

алмастырушылық-жыныстық жетілген партнердің жоқ болуынан

Зоофилия — (zoophilia; зоо-жануар, philia- әуестік, махаббат; син. бестиализм, содомия, зооэрастия) Жиі толық жетілу кезеңінде жастарда, ер адамдарда кездесетін жануарларға деген жыныстық әуестікпен сипатталатын жыныстық бұрмалану түрі. Жануарлармен жыныстық қатынастан қанағат алады (көбіне үй жануарларымен)



Геронтофилия. Егде жастағы адамдарға әуестік. Жас әйелдердің қарт адамдарға деген құмарлығын, мамандар жыныстық қатынаста жас адамдардан қанағаттанбауын олардың жыныстық эгоизмімен, көңіл бөлудің жеткіліксіздігімен, жедел эякуляциямен, жыныстық қатынасқа деген үлкен сұранысымен түсіндіреді. Кейде геронтофилияның себебі болып әйел адамдардың садомазахистикалық құмарлықтары болу мүмкін, яғни олардың әлсіз қарт адамдарды толық игеруге деген құмарлығы. Жас ер және әйел адамдардың егде жастағы қарттарға деген қызығуы пайда болады, себебі олардың ойы бойынша жастарды қанағаттандыра алмауы мүмкін деген ойдан

Некрофилия мәйіттермен жыныстық қатынасқа түсуге әуестік. Өте сирек ер адамдарда кездеседі, бұл көбінесе психикалық жетілмеген және психикалық ауру адамдарда кездеседі мұндай адамдарда садистикалық ауытқулар болады. Некрофилия кезінде некрофилдер мәйітті бөлшектеуден, бөлектерді өз денесіне қоюдан, мәйіт қасында мастурбация жасаудан, кейде жыныстық қатынасқа түсуден ләззат алады. Әдетте некрофилдер тек өлі денені қолданады. Адам өлтіруге сирек барады, себебі адам өлтіру жыныстық ләззаттың стимулына жатпайды. Мұндай адамдар көбіне моргтарға және зираттарға жұмысқа орналасады.

Трансвестизм — (transvestismus; trans+ vestio- кию; син. эонизм) басқа жыныстың киімін кию арқылы жыныстық қозу және қанағаттанушылықпен сипатталатын жыныстық бұрмаланудың түрі. Эксгибиционизм (лат. exhibeo- көрсету) басқа жыныстағы адамның көзінше жыныс ағзаларын жалаңаштау арқылы жыныстық қанағаттанушылыққа жетумен сипатталатын жыныстық бұрмалану түрі. Вуайеризм (визионизм) Бұл жыныс мүшелерін сығалаудан қанағат алатын жыныстық бұрмаланудың бір түрі. Жыныс актісін көруге, жыныс мүшелерін сығалауға деген құмарлық мектепке дейінгі жастағы балалардың  $\frac{1}{4}$  кездеседі, 7-11 бұл құмарлық әр бір 3-ші балада кездеседі, 6 % қыз балаларда кездеседі. Балалық вуайеризмнің қалыптасуына себепші факторлар: құрбылармен араласудағы қиындықтар, карама — қарсы жыныстағы адамдармен дұрыс қарым — қатынас орнатуды білмеушілік вуайеризмнің әр түрлілігіне стриптизбен айналысу, эротикалық шоулар әкеледі.

Экспозиционизм (лат. exhibeo- көрсету) басқа жыныстағы адамның көзінше жыныс ағзаларын жалаңаштау арқылы жыныстық қанағаттанушылыққа жетумен сипатталатын жыныстық бұрмалану түрі.

Вуайеризм (визионизм) Бұл жыныс мүшелерін сығалаудан қанағат алатын жыныстық бұрмаланудың бір түрі. Жыныс актісін көруге, жыныс мүшелерін сығалауға деген құмарлық мектепке дейінгі жастағы балалардың  $\frac{1}{4}$  кездеседі, 7-11 бұл құмарлық әр бір 3-ші балада кездеседі, 6 % қыз балаларда кездеседі. Балалық вуайеризмнің қалыптасуына себепші факторлар: құрбылармен араласудағы қиындықтар, қарама — қарсы жыныстағы адамдармен дұрыс қарым — қатынас орнатуды білмеушілік вуайеризмнің әр түрлілігіне стриптизбен айналысу, эротикалық шоулар әкеледі.

Мазохизм (masochismus; австриялық жазушы Зохер-Мазох ең алғаш суреттеген; син. енжар альголагния, пассивизм) Бұл өзінің жыныстық партнерынан физикалық ауырсынулар мен моральдік төмендетулерден қозумен қанағат алатын жыныстық бұрмаланудың түрі. Өзін партнерының алдында әлсіз сезінгенді ұнатады, мазохизм бұл нормадан бұрмаланушылық.

Садизм (sadismus; франц. жазушысы Маркиза де Сад атымен; син. белсенді альголагния) садизм – жыныстық зорлаушылық, яғни партнерына физикалық және психикалық ауырсыну тудыру арқылы ләззат алады. Агрессияға байланысты сексуалды қылмыс жасайды. Садизмнің соңғы дәрежесінде өлтіруге байланысты ләззат алу.

